

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің
ізденушісі Бағдат Манабаевтың «6D020600 – Дінттану»
мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына
отандық ғылыми кеңесшісі, тарих ғылымдарының докторы,
профессор Әшірбек Құрбанұлы Муминовтың**

ПІКІРІ

Орта ғасырдың рухани өмірінде терең із қалдырган Отырап, Тараз, Ясы, Сығанақ және Ибиджаб сынды Қазақстан қалаларының әлеуметтік өмірі, ондағы дін ғұламаларының рөлін зерттеу – бүгінде ғылыми маңызға ие тақырыптардың бірі. Қазақ халқының руханияты мен мәдениеті жазба мұраларға бай. Аталмыш қалаларда дүниеге келгіп, түрлі салаларды меңгерген қаншама дін ғұламалары мен парасатты тұлғаларымыз бар. Солардың қатарында Ибиджаб қаласынан шыққан дін ғұламасы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Ибиджабиде бар. Елімізде алғаш рет Ибиджаб ғұламаларына қатысты зерттеулер жүргізіп, ондағы дін ғұламаларының биографиялық есімдерін атаған – профессор Ә. Дербісалиев еді. Бұл жолды жалғастырып, Ибиджаб зиялыштарына қатысты егжей-тегжейлі зерттеу жұмыстарын жүргізуге бел буган, ізденуші Бағдат Манабаев өз еңбегін ұсынып отыр. Диссертант зерттеу жұмысының тақырыбын «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихында ‘Али ибн Мұхаммад әл-Ибиджабидің (қайтыс б.ж. 535/1141) орны мен маңыздылығы» деп атаған.

Диссертация тақырыбын зерттеуде біріншіден, тарихи-биографиялық маңыздылығы бар «табақат» және «тараджим» еңбектеріне жүгінген. Екіншіден, Ибиджаб қаласының ғұламасы әл-Ибиджабидің «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» атты еңбегін негізгі дереккөз ретінде қолданған. Үшіншіден, XI-XII ғасырларға тиесілі Самарқан қаласынан табылған «Чакар-Диза» мазарындағы құлпытастар мәтіндерін негізге алып зерттеу жұмыстарын жасаған. Әл-Ибиджабидің өмір сүрген ғасырларына қатысты материалдардың аздығына қарамастан қолжазбаларға терең және тиянақты талдаулар жасай білген. Зерттеу нысанасына қатысты ғасырлардағы жайттарды кезеіндерге бөліп қамтуға тырысқан.

Диссертацияның кіріспе болімінде ‘Али ибн Мұхаммад әл-Ибиджабидің еңбегінен XI-XII ғасырлардағы Орталық Азия өніріндегі саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағдайларға қатысты деректер келтірғен. Аталмыш ғасырлардағы діни саясат астарлары ғұламаның атқарған қызметінің негізінде зерттелген. Әл-Ибиджаби еңбектері толық талданған,

шығармалардың ішінде «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» еңбегі жиналған қолжазба нұсқаларының негізінде зерттелген. Қолжазба нұсқаларының тізімі мен оларға қатысты мәліметтерді рет-ретімен баяндаған. Диссиденттың диссертацияда «Зерттеу тақырыбының өзектілігі», «Тақырыптың зерттелу деңгейі» жайлы жазғандары көңіл толтырлықтай. «Зерттеудің нысанасы мен пәні», «Зерттеудің дереккөзі» және «Зерттеудің мақсаты мен міндеттері» дұрыс қойылған. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалықтары бар, жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі сынды, т.б. мәселелерді жазуда алға қойған мақсатының айқындығын көруге болады.

Бірінші тарауда XI-XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы діни жағдайдың эволюциялық ерекшеліктеріне қатысты сапалы деректер келтірген. Исламдаб қаласындағы діни жағдай, ондағы ғұламалар ортасы мен әл-Исламдабидің өмірі мен шығармашылығына қатысты өзіндік ойлары мен айтары бар. Бірінші тарау бойынша ерекше айта кететін жайттарға тоқталатын болсақ: диссидент Исламдаб ғұламаларына қатысты атрибуция жасаған. Әлемдік қолжазба қорларындағы исламдабидтың ғалымдардың есімдеріне талдау жасаған, қолжазба мәтінінің негізінде Исламдаб ғұламаларының жеке есімдеріне, лақаптарына және ныспыларына қатысты шешімдерін ұсынып, ғылымда орын алған мәселеге қатысты шатасу салдарын баяндаған.

Осы тараудағы диссиденттың әл-Исламдабидің ұстаздары мен шекірттері турасында жазғандары да көңіл аудараплықтай.

Екінші тарау әл-Исламдабидің ислам құқыны бойынша жазылған ескерткіш шығармасы -«Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» ға арналған. Бұл диссертациялық жұмыстың өзегі деуге болады. Осы бағытта Сирия, Ирак және Туркия елдеріндегі оннан аса шығарма нұсқаларын жинақтаған. Шығарма нұсқаларына тарихи-филологиялық әдіс пен арнайы шығыс қолжазбаларына қолданылатын палеографиялық және кодикологиялық тәсілдерді пайдалану арқылы ол нұсқаларды көшірген адамдарға «хаттат», нұсқалардың көшірілген биографиялық орындарына, сақталып келген патша сарайлары мен арнайы корлардың «уақыф» нұсқаларындағы басылған мөрлері мен ондағы жазуларға талдау жүргізген. Осының нәтижесінде қомақты деректерге қол жеткізген. Шығарма нұсқаларының колофон мәліметтерінде салыстыру (муқабала) жұмыстарынан Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының «Sehid Ali Paşa» қорында 816-нөмірімен сақталған қолжазба нұсқасы, шәйх, имам ‘Ала әд-дин әл-Исламдабидің өз қолымен жазған түпнұсқасымен салыстыру жұмысын аяқтағанын анықтаған.

Сонымен қатар, қолжазба параптарынан әл-Исбиджаби пәтуасын оқып, оның ойымен толық келіскең, қазақ жерінен шыққан, ханафи фақиһ ғалымы Қивам әд-дин әл-Итқанидің жасаған тұжырымын анықтаған.

Диссертант осы тарауда әл-Исбиджабидің ислам құқығы (фиқһ) бойынша жазылған еңбегінің таралу ауқымдылығын ашып көрсеткен.

Ушінші тарауда қарахандардің XI-XIII ғасырларда жүргізген діни саясатының қалыптасуы, даму процестері мен кезеңдеріне тоқталған. Диссертант әл-Исбиджабидің қайраткерлігіне қатысты мәліметтерді талдау барысында, қарахандардың Самарқанда құлпытас көтеру саясатындағы мәліметтермен үштастыра зерттеу нәтижесінде, Қарахан мемлекетінің жүргізген діни саясатының бір қырына тоқталған. Қарахандардың діни саясатын тарихи кезең тұрғысынан үшке бөліп қарастырған. Олардың дәстүрлі дін негізінде көрегенділікпен даналыққа негізделген діни саясат жүргізгендерін атап жазған. Қарахан мемлекетіне қатысты деректердің тапшылығын ескеріп, салыстыра қараганда, Бағдат Манабаев мазмұнды және тыңғылықты жұмыс атқарды деуге болады.

Диссертант «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» еңбегіне салыстырмалы талдау жасаудың негізінде, әл-Исбиджабидің атальыш шығармасын жазуда салыстырмалы ислам құқығы бойынша (фиқһ әл-муқаран) ханафи ғұламаларының ішінде бірінші болып қолданғанын дәлелдеген.

Диссертант ‘Али ибн Мухаммад Әл-Исбиджабидің Қазақстан жерінен шыққан төрт муджтахид ғұламаның бірі екенін анықтаған.


Жоғарыда айттылған тұжырымдамалардың негізінде, Манабаев Бағдат өзінің диссертациялық жұмысында келтірген ғылыми қорытындылары мен әл-Исбиджаби тұлғасын зерттеуде өзіндік қосқан үлесі бар деп есептеймін.

Қорыта айтқанда, Манабаев Бағдаттың «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихында ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (қайтыс б. ж. 535/1141) орны мен маңыздылығы» тақырыбында жазылған диссертациялық зерттеу жұмысы ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің «ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы «Ережесінің» талаптарына сай және оның авторы 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия PhD ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайықты деп есептеймін.



Отандық ғылыми кеңесшісі, тарих ғылымдарының докторы,
профессор

Манай



Муминов Эшірбек Курбанұлы

